



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

“29” сәуір 2016 ж./г.
Қызылорда қаласы

№ 128
город Кызылорда

Қазақстан Республикасының ұлттық аккредиттеу талаптарына сәйкес Сапа саласындағы саясатты бекіту туралы

Білім беру қызметінің Қазақстан Республикасының институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету, медициналық кадрларды даярлау сапасын арттыру, сапа менеджментінің тиімді жүйесін (СМЖ) енгізу және білім беру процестерінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында,

БҰЙЫРАМЫН:

1.Қызылорда медициналық жоғары колледжінің Сапа саласындағы саясаты бекітілсін (1-қосымша).

2.Құрылымдық бөлімше басшыларына:

2.1. Сапа саясатының қағидаттарын білім беру бағдарламалары мен басқару процестеріне интеграциялау қамтамасыз етілсін.

2.2.Бөлімшелер қызметінің институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына қатаң сәйкес келуі қамтамасыз етілсін.

2.3.Білім алушылардың, жұмыс берушілердің және басқа да стейкхолдерлердің білім беру сапасын бағалау процедураларына белсенді қатысуына жағдай жасалсын.

3.Сапа қызметіне / СМЖ-ға жауапты тұлғаға:

3.1.Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің (Internal Quality Assurance – IQA) жұмыс істеуі және дамуы қамтамасыз етілсін.

3.2.Колледжді және білім беру бағдарламаларын сыртқы аккредиттеу процедураларына кешенді дайындау ұйымдастырылсын.

3.3.Бекітілген аккредиттеу стандарттарына сәйкес тұрақты негізде ішкі аудиттер мен өзін-өзі бағалау процедуралары жүргізілсін.

3.4.Саясатта белгіленген негізгі тиімділік көрсеткіштеріне (KPI) жүйелі мониторинг пен талдау жасау қамтамасыз етілсін.

Цифрландыру және АТ бөліміне:

Жұртшылық пен стейкхолдерлердің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін бекітілген Сапа саласындағы саясат колледждің ресми веб-сайтында орналастырылсын.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз құзырымда қалдырамын.

Колледж директоры *Ж.А. Калмакова*

САПА САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

Қызылорда жоғары медициналық колледжі

1. Қолданылу саласы

Осы Саясат ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің негізі болып табылады және колледждің барлық білім беру, ғылыми және әкімшілік үдерістеріне қолданылады.

2. Нормативтік негіз

Саясат келесі құжаттарды ескере отырып әзірленді:

- Қазақстан Республикасының институционалдық және мамандандырылған аккредитация стандарттары;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің талаптары;
- ISO 9001:2015 халықаралық стандарты;
- ESG қағидаттары (Еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулықтары).

3. Миссия және көзқарас

Қызылорда жоғары медициналық колледжінің миссиясы – бәсекеге қабілетті, құзыретті және әлеуметтік жауапты денсаулық сақтау мамандарын даярлау. Олар сапалы әрі қауіпсіз медициналық көмек көрсетуге, заманауи денсаулық сақтау жүйесі жағдайында тиімді жұмыс істеуге, кәсіби білімдері мен дағдыларын үздіксіз жетілдіруге, инновацияларды, цифрлық технологияларды және дәлелді медицина қағидаттарын қоғам мен халық денсаулығының игілігі үшін енгізуге қабілетті болуы тиіс.

Қызылорда медициналық жоғары колледжінің КӨЗҚАРАСЫ – өңірдегі техникалық және кәсіптік медициналық білім берудің жетекші ұйымына айналу, заманауи денсаулық сақтау жүйесі жағдайында тиімді жұмыс істей алатын, инновациялық технологияларды енгізуге қабілетті және медициналық көмектің халықаралық сапа стандарттарына сай келетін, жоғары білікті, бәсекеге қабілетті әрі еңбек нарығында сұранысқа ие орта буын мамандарын даярлауды қамтамасыз ету.

Қызылорда медициналық жоғары колледжінің НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ мен БАҒЫТТАРЫ:

Миссияның мақсатын іске асыруға қол жеткізу үшін мүдделі тараптарға мынадай міндеттерді шешу қажет:

- Колледжді басқару жүйесін және білім сапасын ішкі қамтамасыз етуді жетілдіру;
- Колледждің жағымды имиджін қолдау және институционалдық ортаны дамыту;
- Колледждің кадрлық әлеуетін дамыту;
- Білім беру ортасын жетілдіру және практикаға бағдарланған оқытуды дамыту;
- Ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті дамыту;
- Тәрбие жұмысы және білім алушыларды әлеуметтік қолдау
- Қосымша және жеделдетілген білім беру бағдарламаларын дамыту
- Әлеуметтік әріптестікті дамыту және түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу

- Ақпараттық инфрақұрылымды дамыту және материалдық-техникалық базаны нығайту

Миссияны іске асыру қағидалары:

- Тұтынушылар сұранысын ескеру;
- Басшының көшбасшылығы;
- Менеджментке жүйелі көзқарас;
- Үздіксіз жетілдіру;
- Өзара тиімді қағидалар;
- Фактілер неізінде шешім қабылдау;
- Процестік көзқарас;
- Бүкіл қоғамдастықты тарту.

Қызылорда медициналық жоғары колледжінің миссиясы колледж ұжымында 09.02.2026 жылы №4 педагогикалық кеңесте талқыланып, қабылданды.

Колледж директоры

Ж. Калмакова

Ж.Калмакова